



Негізімен:

«Алтын Самұрық» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Э.С.Мырсейтова

**«Алтын Самұрық бөбекжай балабақшасы»
«2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту»**

Меңгеруші: Мырсейтова Э.С.

Түркістан қаласы 2024 ж

«2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту»

Бүгінгі педагогикалық кеңестің маңызды мәселелерінің бірі – 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды талқылап, бекіту.

Жылдық жоспар – мектепке дейінгі ұйым қызметін ұйымдастыратын негізгі құжат. Ол ұйым жұмысының мақсаты мен міндеттерін айқындап, оқу-тәрбие үдерісінің жүйелі жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

2024–2025 оқу жылындағы жұмыс Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу бағдарламасына және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес жоспарланды.

Жылдық жоспардың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, жан-жақты дамуына жағдай жасау, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру және сапалы білім мен тәрбие беру.

Жылдық жоспардың негізгі бағыттары:

- Балалардың физикалық дамуы мен денсаулығын нығайту;
- Танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту;
- Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру;
- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру;
- Инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу;
- Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Жоспар аясында педагогикалық кеңестер, семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сағаттары, мерекелік іс-шаралар мен байқаулар өткізу қарастырылған.

Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу, өзара сабаққа қатысу, әдістемелік көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылады.

Ата-аналармен жұмыста отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған жиналыстар, кеңестер, тренингтер және бірлескен іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Қорытындылай келе, 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді деп есептеймін. Осыған байланысты 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекітуге ұсынамын.